

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 894 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмысын үйлестіру және осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

3. Жоспарда көзделген заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Жоспарда белгіленген айдың 1-күнінен кешіктірмей және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспарда белгіленген айдың 20-күнінен кешіктірмей ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2017 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 894 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.03.2018 № 101; 27.04.2018 № 222; 17.05.2018 № 272; 27.06.2018 № 383; 29.06.2018 № 396; 09.07.2018 № 415; 05.09.2018 № 551; 23.10.2018 № 673; 31.10.2018 № 698; 29.12.2018 № 918; 29.12.2018 № 940 қаулыларымен.

Р/с № №	Заң жобасының атауы	Әзірлеуші мемлекеттік орган	Ұсыну мерзімі			Заң жобаларын сапалы әзірлеу және уақтылы енгізу үшін жауапты тұлға
			Әділетмині	Үкімет	Парламент	
1	2	3	4	5	6	7
1.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.04.2018 № 222 қаулысымен					

2.	"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Н.В. Пан
2-1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділет мині	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Н.В. Пан
3.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ИДМ	Қаңтар	Наурыз	Мамыр	Р.В. Скляр
4.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 17.05.2018 № 272 қаулысымен.					
5.	Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы	МСМ	Ақпан	Наурыз	Мамыр	А . Р . Райымқұлова
6.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	МСМ	Ақпан	Наурыз	Мамыр	А . Р . Райымқұлова
7.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 27.06.2018 № 383 қаулысымен.					
8.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.06.2018 № 396 қаулысымен.					
9.	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.06.2018 № 396 қаулысымен.					
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ДСМ	Наурыз	Сәуір	Маусым	Л . М . Ақтаева
10-1	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 05.09.2018 № 551 қаулысымен.					
10-2	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 31.10.2018 № 698 қаулысымен.					
10-3	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 31.10.2018 № 698 қаулысымен.					
11	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 23.10.2018 № 673 қаулысымен.					
12	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 23.10.2018 № 673 қаулысымен.					
13	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2019 – 2021 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы	ҰЭМ	Шілде	Тамыз	Тамыз	Р.Е. Дәленов
14	2019 – 2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы	Қаржымині	Тамыз	Тамыз	Тамыз	Т . М . Савельева
14-1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ИДМ	Ақпан	Мамыр	Қыркүйек	Қ . А . Өскенбаев

15	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	МСМ	Маусым	Шілде	Қыркүйек	С. Ж. Мұсайбеков
15-2	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 918 қаулысымен.					
15-3	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 918 қаулысымен.					
16	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық рәсімдерді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қаржымині	Маусым	Тамыз	Қараша	Қ. Е. Баеділов
16-1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	МСМ	Ақпан	Қыркүйек	Қараша	С. Ж. Мұсайбеков
17	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 09.07.2018 № 415 қаулысымен.					
18	Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 940 қаулысымен.					

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

ИДМ – Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі